

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламентта

«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 14 маусымда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
орынбасары
Т.Б. Дүйсеноваға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жақында сөйлеген сөзінде ел экономикасының соңғы 10 жылдағы инерциялық өсу қарқыны Қазақстанның "орташа табыс қақпанына" түсіп қалуына әкеп соқтырғанын айтты. Ол сондай-ақ, "егер қазір сапалы экономикалық өсу үшін берік іргетас құрмаса, онда халықтың табысының тоқырауы жақындап қалды" деп атап өтті.

Еліміздің тауарлары мен қызметтері жоғары білікті еңбек ресурстары мен инновациялары бар дамыған елдермен де, сонымен қатар арзан жұмыс күші мен арзан өнеркәсіп тауарлары ұсынатын дамушы елдермен де бәсекелесуге қауқарсыз.

Дүниежүзілік Банктің ұсыныстарында өндіруші салалардан басқа барлық салалардағы өнімділіктің күрт өсуі - өсу қозғалтқышын оятып, елді өркендетуге әкелуі мүмкін екендігі айтылған.

Қазіргі таңда, еліміздегі еңбек өнімділік көрсеткіші ең төменгі елдер қатарында. Халықаралық еңбек ұйымының 2021 жылғы мәліметіне сәйкес, еңбек өнімділігі 1 сағатта 29 долларды құрады. Салыстыратын болсақ, көп бастап тұрған Люксембургтың өнімділік көрсеткіші 1 сағатта 136 долларды құраса, ал ешқандай табиғи байлығы жоқ, судың өзін импорттайтын Сингапурдағы көрсеткіш 1 сағатта 74 долларды құрап отыр. Алайда, отандық сарапшылар шынайы көрсеткіш әлдеқайда төмен - 11 доллар шамасында деп дабыл қағуда. Бұл көрсеткіш Мавритания, Марокко, Судан және басқа да африка елдері деңгейінде. Ал еліміздің ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімі көрсеткіші - сағатына 2,5 доллар болып отыр (5 000 доллар жылына).

Дүниежүзілік банктің есептеуінше, Қазақстан 2050 жылға қарай дамыған 30 елдің қатарына енгісі келсе, еңбек өнімділігін арттыруға қазірден бастап күш салуы тиіс, ол үшін кадрларды даярлау мен қызметкерлердің біліктілігіне аса назар аударуымыз қажет.

Осыған орай, экономикамызға жоғары білікті кадрларды дайындауға аса қатты көңіл бөлген жөн. Мемлекет басшысы атап өткендей, "біз кәсіптік білім берудің барлық жүйесін кәсіпкерлердің жаңа толқынын дайындауға бағытталған еңбек нарығында сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағыттауымыз керек".

Еліміздің еңбек өнімділігін артыруда және орташа табыс қақпанынан шығуына білімді, білікті, еңбекқор жастар қажет. Қала жастарының 90 пайызы жоғары оқу орындарын таңдаса, ауыл жастарының 90 пайызы колледждерді таңдайды. Қазір Қазақстанда 770 колледжде 489 мың бала білім алып отыр.

Осыған байланысты, Оқу-ағарту және Еңбек министрліктері кәсіптік білімді жаңа деңгейге көтеру мақсатында қала және ауыл колледждерін дамытатын кешенді бағдарлама әзірлеу қажет. Бағдарлама келесідей бағыттарды қамтуы тиіс:

- Колледждерде кәсіпкерлікті, қаржылық сауаттылықты, жұмсақ дағдыларды дамытатын оқу бағдарламаларын енгізу;

- Әр колледжде студенттердің идеяларының дамуына және одан ары іске асыруына қолғабыс беретін бизнес акселерациясын жасау;

- Несиелеу, қаржылық көмек көрсететін мемлекеттік сүйемелдеу арқылы жас кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсету;

- Ауыл шаруашылық колледждерге фермерлерге тиесілі мемлекеттік қолдаудың барлық мүмкіндіктерін беру;

- WorldSkills қозғалысына демеушілік шаралар қабылдау, қатысушыларды жарыстарға даярлауға толыққанды жағдай жасау және т.б. өзекті бағыттар қарастырылуы қажет.

**Құрметпен,
«RESPUBLICA» партиясы
фракциясының мүшелері**

**«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшелері**

**О. Құспеков
Р. Берденов
А. Қожаназаров
Д. Наумова
Н. Тау
Д. Шүкіжанова**

**Д. Исабеков
С. Пономарев**

Орынд. К.Алпысбаева
тел. 746201